

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі N 431 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 25 маусым N 848

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" 1999 жылғы 19 сәуірдегі N 431 Р990431_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 130-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Таңбалауға жататын отандық және импорттық өндірістегі

акцизделетін тауарларды (1 және 2-қосымшаларға сәйкес) сату 1999 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен ғана:

1) акцизделетін тауарларды өндірушілерге - 1999 жылдың 1 шілдесінен бастап;

2) акцизделетін тауарларды сақтауды және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға - 1999 жылдың 1 тамызынан бастап жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолдануға енгізіледі және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Орынбекова Д.

Кобдалиева Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК